



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы 2023 жылғы
өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Баға статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Жамалбек Мақпал Молдабекқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Директор Жақыпбекұлы Қуанышбек.

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

m.madibekova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8 7172 74 95 19

S.2 Өзектілік- кіріспе

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өндірген және олар әртүрлі өткізу арналары арқылы өткізетін іріктелген өнім түрлеріне бағаның өзгеруін сипаттайды.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне бағаларын жалпы мемлекеттік статистикалық байқау өнім түрлеріне тоннасына теңгемен баға деңгейін айқындау мақсатында ұйымдастырылды. Байқау нәтижелері бойынша қалыптастырылатын ауыл шаруашылығы өніміне өндірушілер бағасының индексі ауыл шаруашылығы өніміне бағаның өзгеру серпінін өлшейді.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі 1993 жылдан бері қалыптастырылады.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы (бұдан әрі – ӨЖШ) есептеулерінде өндірушілердің баға индекстері пайдаланылады:

1) Өнімдердің өткізу орташа бағалары - өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру құнын есептеу.

2) Ауыл шаруашылық өнімдерінің түрлері бойынша баға индекстері - ҚР СЖРА ҰСБ аграрлық статистика секторы жүргізетін заттай көрсеткіштер болмаған кезде дефляторлау үшін.

3) Агрегатталған баға индексі - ӨЖШ есептеу кезінде.

4) Баға индексі егжей-тегжейлі деңгейде - тұрақты бағалардағы салааралық балансты есептеу үшін, ҚР СЖРА ҰСБ ұлттық шоттарының статистика бойынша өндірілген түпкілікті пайдалану әдісімен ӨЖШ элементтерін дефляторлау үшін.

ҚР СЖРА ҰСБ әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомствалық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

Пайдаланушылармен кері байланыс ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында басшысының блогы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы 2024 жылғы қаңтар

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы 2024 жылғы қаңтар

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімінің бағалары индексі аймақтардың және жалпы республиканың жағдайында ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері бойынша қалыптасады.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне бағаларының ұлттық статистикалық байқауының деректері негізінде жекелеген, топтық және жиынтық баға индекстері алдыңғы айға, өткен жылдың желтоқсанына, базалық жылдарға, өткен жылдың тиісті айына және кезеңіне, сондай-ақ тоқсанға есептеледі.

Индексті есептеу мынадай тәртіпте жүзеге асырылады. Бағалар туралы деректер негізінде жеке индекстер есептеледі, зерденелетін жиынтықтың (нақты тауардың, қызметтің) бір элементі бағаларының өзгеруін көрсетеді. Өңірлер бойынша өнімдер бойынша жеке баға индексі Джевонс формуласымен есептеледі.

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексінің құрудың барлық кезеңдерінде агрегатталған индекстер қолданылады.

Агрегатталған баға индексі – бұл жеке топшасы, топ немесе зерттелетін құбылыс бойынша бағаның өзгеруін сипаттайтын және жеке баға индекстері негізінде қалыптасатын салыстармалы көрсеткіш.

Топтар, ішкі сыныптар, сыныптардың және одан жоғары агрегация бойынша ұлттық деңгейдегі агрегатталған баға индекстері Ласпейрестің түрлендірілген формуласы бойынша жеке баға индекстерінің орташа салмақталған мәндері ретінде есептеледі.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне бағасының индексінің құру кезінде келесі негізгі статистикалық жіктеуіштер қолданылады:

- 1) ЭАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасы;
- 3) МНЖ – Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;

- 4) ҰҚНЖ – Шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық- құқықтық нысандарының жіктеуші;
- 5) АШӨСЖ - Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің анықтамалығы (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Статистикалық жіктелімдер» бөлімінде, «Анықтамалық» бөлімшесінде орналастырылған).

S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің қолданыстағы жалпы жіктеуішіне сәйкес (ЭҚЖЖ) экономиканың зерттелетін сегменті «Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну» бөлімімен (ЭҚЖЖ – 01) өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу бөлігінде ұсынылған.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне бағасының өзгерісін байқау және баға индексті есептеу «Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесіне» сәйкес жүргізіледі, www.stat.gov.kz веб-сайтында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде <http://adilet.zan.kz> орналастырылған.

Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесінде келесі анықтамалар қолданылады:

- а) агрегаттау – төменгі деңгейдегі экономикалық көрсеткіштерді барлық кейінгі деңгейлердегі едәуір ірі жынтықтарға біріктіру;
- б) бағаларды тіркеу – базалық объектілердің іріктемелі репрезентативті жиынтығы бойынша жүргізілетін тауарлар, өнімдер және қызметтер бағаларының деңгейі туралы ақпаратты жинау әдісі;
- в) базалық объект – ондағы бағаларды тіркеу үшін іріктелген объект;
- г) ерекшелік – бағаны тіркеу үшін іріктеліп алынатын жеке тауарды (көрсетілетін қызметті) сәйкестендіру үшін пайдаланылатын сипаттама немесе сипаттамалар тізбесі;
- д) өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) – тауар тобындағы тауардың сапасы мен негізгі тұтынушылық қасиетіне әсер етпейтін және тұтынушылық белгісі бойынша болмашы өзгешеліктерімен (бөлшектерімен) ерекшеленетін белгілі тауар (қызмет көрсету) түрлерінің жиынтығы;
- е) салмақтау – жиынтық көрсеткіштерді алу үшін индекстік есептеуде қолданылатын және тікелей қосындылауға жатпайтын әртүрлі тауарлардың өлшемдестігін қамтамасыз ететін рәсім;
- ж) салмақтау схемасы – стандартты жіктелімге сәйкес агрегаттаудың барлық сатылары бойынша анықталған нақты өнімдер, тауарлар, көрсетілетін қызметтер түрлері салмағының жиынтығы;
- з) іріктеме – статистикалық деректерді жинау және өңдеу кезінде қолданылатын бекітілген жіктеуіштер, номенклатуралар мен анықтамалықтардан алынған жеке айқындамалар.

S.4.5 Статистикалық объект

Қызметкерлер санына қарамастан, ауыл шаруашылығы қызметімен айналысатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтары.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Базалық объектілер іріктемесін құру үшін статистикалық ауылшаруашылық тіркелімі және статистикалық бизнес тіркелімі деректер ретінде, сондай-ақ өткізілген өнімнің құны

туралы ақпарат ұсынатын ауыл шаруашылығының шаруашылық жүргізуші субъектілерін алғашқы статистикалық зерттеу деректері бас жиынтық болып табылады.

Базалық объектілерді іріктеу кезінде келесі өлшемшарттар ескеріледі:

1) ауқымдылық: барлық типтегі және түрлі меншік нысандарындағы объектілерді қамту;
2) географиялық репрезентативтілік: өңір аумағының әртүрлі аудандарында орналасқан объектілердің өкілділігі;

3) типтілік: осы экономикалық қызмет түріне тән технологиялық үдеріс пен қолданылатын шикізат бойынша тең жұмыс шарттары бар объектілерді есепке алу.

2023 жылдың соңында базалық объектілердің іріктелген жиынтығы 1753 кәсіпорынды құрады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Барлық облыстар.

S.4.8 Қамту уақыты

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі 1993 жылдан бастап ай сайын қалыптастырылады.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең әр бес жыл сайын ауыстырылады.

2011-2015жж. – 2010 жылғы желтоқсан,

2016-2020жж. – 2015 жылғы желтоқсан,

2021-2025жж. – 2020 жылғы желтоқсан және т.б.

S.5 Өлшем бірлігі

Процент

S.6 Есепті кезең

Ай

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы белгіленген заңнамалық тәртібінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индексін құру әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 308 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 қаңтарда № 14663 болып тіркелді.

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі»/«Әдіснама»/«Баға статистикасы» бөлімінде және www.adilet.zan.kz сайтында қолжетімді.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы және қорғалу кепілдіктері қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - Саясат), Қазақстан Республикасы ҰСБ СЖРА Басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы No 20 бұйрығымен бекітілген, мақсаттарды, міндеттерді, басшылық пен тәжірибені анықтайды бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2010 жылғы 2 шілдедегі No 168 бұйрығымен бекітілген, ғылыми мақсаттар үшін анықталмаған түрде мәліметтер базасын ұсыну және пайдалану ережелері. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда No 6388 тіркелді.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі қалыптастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ «е-Статистика» ИАЖ, «Құжаттар» бөлімінде, «Жоспар және кестелер» бөлімшесінде орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жұмыс жоспарында көзделген көлемде таратылуға жатады.

Мемлекеттік статистика органдары сапалы ресми статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы мемлекеттік статистика органдарының интернет - ресурстарына орналастыру арқылы пайдаланушылардың оларға бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарын қамтамасыз етеді (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет ресурсы).

S.10 Тарату жиілігі

Ай

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жедел ақпарат баспасөз хабарламасы түрінде жарияланбайды

S.11.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығындағы баға индексі және баға» электрондық кестелері барлық салыстыру кезеңдері бойынша республикадағы және

облыстардағы ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері бойынша бағалар мен баға индекстері туралы деректерді қамтиды. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz интернет ресурсында «Экономика» // Баға статистикасы // Электронды кестелер бөлімінде ай сайын жарияланады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы
"Талдау" АТЖ «Баға статистикасы» бөлімінде.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер
Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін ұсыну қағидалары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 тіркелді.

S.11.5 Өзге де
Жоқ

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер
Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама
"Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесі" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «9» желтоқсандағы № 308 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде №14663 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Әдіснама»//«Баға статистикасы» бөлімінде және www.adilet.kz сайтында қолжетімді.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 2 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 наурызда № 34168 болып тіркелген Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Баға статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты

статистикалық сыныптамасын пайдалану;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық, көрнекі) әзірленген және енгізілген;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада салааралық);
- бағаны байқау үшін іріктелген тауарлар, өнімдер, көрсетілетін қызметтер және базалық объектілер тізбелерінің іріктемелі жиынтықтарын ротациялау;
- өлшеу схемаларды жыл сайын қайта қарау;
- агрегацияның барлық деңгейіндегі баға индекстерін есептеу үшін бірыңғай формулаларды қолдану.

S.13.2 Сапаны бағалау

Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесі Халықаралық еңбек ұйымы, Халықаралық Валюта қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропа қоғамдастығының Статистика бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы және Дүниежүзілік Банк әзірленген «Өндірушілердің баға индексі бойынша нұсқаулық: теория және тәжірибе» қағидаттарын және ұсынымдарын есепке алумен өзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексі ішкі (статистиканың құрылымдық бөлімшелерін), сыртқы (мемлекеттік органдар, экономистер, басқару органдарының және кәсіпорындардың қаржы-экономикалық қызметіне қызметкерлері, ұйымдар, ғылыми, кәсіпкерлік және банк қызметкерлері, профессорлық-оқытушылар құрам, студенттер, бұқаралық ақпарат құралдары) пайдаланушылардың кең тобының қажеттіліктерін қанағаттандырады.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

ҚР ҰСБ СЖРА Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу сауалнамасына" сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Соңғы бес жыл ішіндегі Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өнімі түрлеріне баға индексі туралы деректердің дәлдігі мен сенімділігін талдау ауытқу коэффициенті арқылы жасалды. Ауытқу коэффициенті бұл кездейсоқ шаманың салыстырмалы бытыраңқылығының өлшемі. Ол кездейсоқ шаманың орташа бытыраңқылығы осы шаманың орташа мәніндегі үлесін көрсетеді. Орташа квадраттық ауытқудың мәні неғұрлым көп болса, зерттелетін мәнің бытыраңқылығы соғұрлым жоғары және біркелкілігі төмен болады.


Ауытқу коэффициенті мынадай формуламен есептеледі: $C_v = \frac{SD}{\bar{X}} * 100\%$,

мұндағы SD – орташа квадраттық ауытқу;


\bar{X} – орташа мәні.

Орташа квадраттық ауытқу мынадай формуламен есептелінеді: $SD = \frac{\sqrt{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2}}{n-1}$.

Қазақстан Республикасы бойынша өсімдік шаруашылығы өнімі бағасы өзгерісінің вариация коэффициенті



Қазақстан Республикасы бойынша мал шаруашылығы өнімі бағасы өзгерісінің вариация коэффициенті



Ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының аймақаралық өзгерістерінің ең үлкен ауқымы 2019 жылы байқалды. Бағаның өзгеруіндегі айырмашылыққа өнімділікке әсер ететін климаттық жағдайлар, мал азығының қолжетімділігі, сұраныс пен ұсыныстың айырмашылығы және әр түрлі аймақтардағы экономика құрылымы және тағы басқалар әсер етті.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің орташа бағасының вариация коэффициенті

	2019	2020	2021	2022	2023
max					
Жабық топырақтың қиярлары	31,68%	37,73%	30,94%	36,42%	40,23%
Жабық топырақтың қызанақтары	26,17%	30,30%	42,24%	25,62%	27,61%
Асханалық сәбіз	40,06%	21,39%	24,93%	42,94%	38,49%
Ақталмаған күріш	32,84%	22,61%	36,11%	47,79%	13,86%
Мақсары тұқымдары	33,38%	25,99%	46,02%	30,84%	11,61%
min					
Қатты бидайдан басқа бидай	17,64%	10,11%	14,43%	8,58%	12,70%
Күнбағыс тұқымдары	6,88%	19,07%	17,84%	8,57%	5,38%

Арпа	8,54%	13,57%	20,39%	17,33%	10,86%
Шашақты зығырдың тұқымдары	12,66%	5,68%	4,42%	21,37%	3,22%
Азықтық дәнді дақылдар	15,37%	21,10%	26,10%	17,56%	12,15%

Мал шаруашылығы өнімдерінің орташа бағасының вариация коэффициенті

	2019	2020	2021	2022	2023
max					
Таза бал	35,90%	53,20%	56,08%	52,92%	48,55%
Түйенің шикі сүті	15,14%	40,91%	21,77%	29,96%	18,31%
Үй құсы	24,02%	28,94%	34,75%	37,82%	31,95%
Түйелер	18,52%	9,67%	25,03%	30,84%	33,02%
Биенің шикі сүті	26,65%	18,61%	26,13%	21,07%	19,62%
min					
Тауықтың жұмыртқасы	12,22%	12,94%	15,03%	12,05%	14,66%
Сүтті табынның ересек ірі қара малы	15,54%	11,92%	17,64%	16,65%	14,62%
Етті табынның ересек ірі қара малы	17,68%	18,47%	18,91%	19,03%	10,20%
Сиырдың шикі сүті	18,82%	18,29%	19,98%	18,27%	13,95%
Жылқылар	11,79%	14,20%	10,51%	19,64%	21,09%

2019-2023 жылдардағы ауыл шаруашылығы өнімінің орташа бағасының вариация коэффициентін талдау көрсеткендей, аймақтар арасындағы бағаның ең үлкен мөлшері көкөніс өнімдерінде (жабық топырақтың қиярлары мен қызанақтары, сәбіз) және барлық жерде өндірілмейтін, тек жекелеген аймақтардағы өнім түрлерінде (күріш, түйе, бал және т.б.) байқалады. Бұл маусымдық және климаттық жағдайлар, өнімділік, технологиялық инновациялар және тағы басқа да факторларға байланысты болуы мүмкін.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемемен қатысты қателіктер есептелмейді, өйткені жауаптың болмауы өткізу болмауына сәйкес келеді.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Мақсатты іріктемені пайдалану себебіне бағалау мүмкін емес.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Өнім түрлеріне жетіспейтін бағаларды ауыстыру әдістері ауылшаруашылық, орман және балық өнімдеріне өндірушілер бағаларының индексін құру әдістемесіне сәйкес қолданылады. Жоқ жауаптардың үлесі есептелмейді.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Есеп жүргізілмейді.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттердің ұсыну мерзімінен алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт шамамен 18 күн құрайды.

Электронды кестелердегі алғашқы нәтижелер респонденттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсыну мерзімі аяқталғанан кейін 5 күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Жариялау күні Статистикалық жұмыстар жоспарында, Ресми статистикалық ақпараттарды тарату графигінде бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Жариялау мерзімдері жыл сайын ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітіліп, ҚР Әділет министрлігінде тіркелетін Статистикалық жұмыстар жоспарында белгіленеді.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2023 жылы жариялау мерзімдері бұзылған жоқ. Егер басылым демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, басылымдар келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумағының шегінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне баға индексінің динамикалық қатары салғастырмалы және 1993 жылдан бастап үзіліссіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан


Бағаларды жинау және индексті есептеу әдіснамасының негізгі тәсілдері (Халықаралық Валюта қоры, Халықаралық еңбек ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық қоғамдастықтың статистикалық бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Дүниежүзілік Банкі, 2004 жыл) шығарған «Өндірушілер бағасының индексі бойынша нұсқау: теория және тәжірибе» нұсқауының қағидаттары мен ұсынымдарына негізделіп әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Ауылшаруашылық өнімі өндірушілерінің баға индекстері ішкі сәйкес келеді. Жалпы және түрлері, топтары бойынша ауылшаруашылық өнімі өндірушілерінің баға индексін есептеу бір формула бойынша жүзеге асырылады.

Өндірушілердің ауылшаруашылық тауар мен тұтыну нарығында жұмыртқа бағасының өзгеруінің дәйектілігі төменде келтірілген.

Қазақстан Республикасындағы жұмыртқаға бағасының өзгеруі



2022-2023 жылдары ауылшаруашылық тауар өндірушілері мен бөлшек саудадағы жұмыртқа бағасының өзгеру динамикалары ұқсас болды.

S.19 Жүктеме

Бағалар респонденттің қалауы бойынша электронды түрде және қағаз жеткізгіште жиналады. Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін әдеттегі енгізу қателерінің болуына жол бермейтін автоматтандырылған арифметико-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолданумен автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бықылау көзделген. Басқа зерттеулермен қайталанбайды. Әкімшілік деректер немесе басқа дереккөздер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

1993 жылдан бері деректерді қайта қарау болған жоқ.

2011 жылдан бері қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Өндірушілердің ауыл шаруашылығы өніміне бағасының индексін құру екі деректер ағынын пайдалануды көздейді: салмақ құрайтындар (салмақтау схемасы) және ауыл шаруашылығы өніміне бағасының өзгеруі. Салмақтау схемалары орталықтан әр өңір бойынша және жалпы республика бойынша қалыптастырылады. Олардың құрылысы байқауға енгізілген ауыл шаруашылығы өніміне өткізу көлемі туралы құндық деректерді бөлуге негізделеді.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Ай

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі).

Деректерді жинау ҚР СЖРА ҰСБ интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді онлайн режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде толтыру арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Минималды және максималды баға индекстерінің форматтық-логикалық бақылауы орнатылған; өткен айдағы бағалар деңгейімен салыстыру, ауылшаруашылық өнімдерінің түрлеріне және басқаларына баға деңгейін бақылау қойылған.

"Мемлекеттік статистика туралы" ҚР Заңының 17-бабына сәйкес респондент статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес дәйекті алғашқы статистикалық деректерді ұсынуға міндетті.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Импутация ауылшаруашылық, орман және балық өнімдеріне өндірушілер бағаларының индексін құру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Кейбір өкіл тауарларды басқаларына ауыстыру жыл басында жүзеге асырылады. Ауылшаруашылық өнімдерінің бағаларын тіркеу кезінде уақытша өткізілмегендіктен кейбір өкіл тауарлар туралы ақпарат ұсынбау жағдайлары кездеседі. Есепті жыл ішінде баға индекстерінің динамикалық серияларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін уақытша болмаған өкілдік тауарларға бағалар «шартты» бағаларға немесе уақытша болмаған өкілдік тауарларға арналған бағаларға ауыстырылды. Әдіс өткен айдың бағасына тең «шартты» бағаны қолданады. Өткен айдағы баға деңгейінде «шартты» бағаны пайдалану өнімді сатудың келесі фактісіне дейін жүзеге асырылады.

S.21.6 Түзету

Уақытша қатарларды түзетуге арналған статистикалық процедуралар және бағдарламалық қамтамасыз етулер қарастырылмаған.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүзеге асырылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.